

Мәртөк ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 257 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 3 тамызда № 3-8-187 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16138 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 18 қаңтар 2018 жылы жарияланған) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 15 қаңтар 2018 жылы жарияланған) бұйрықтарына сәйкес, Мәртөк ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Мәртөк ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-163 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 13 сәуір 2018 жылы жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Тлегеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Баирханов

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы

23 шілдедегі № 257 қаулысына

қосымша

Мәртөк ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында болу ұзақтығы (сағат)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға бір айдағы мемлекеттік білім беру тапсырысы және жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір балаға бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Мәртөк ауылы			
	№ 1 "Тополек" балабақшасы	10,5	27 236	300
	№ 2 "Айгөлек" балабақшасы	10,5	27 236	300
	№ 6 "Қарлығаш" балабақшасы	10,5	27 236	300
	"Нұрсәт" жеке балабақшасы	10,5	27 236	300
2	Қызылжар ауылы			
	№ 4 "Балдырған" балабақшасы	10,5	27 236	250
3	Саржансай ауылы			
	№ 5 "Балбөбек" балабақшасы	10,5	27 236	250
4	Родниковка ауылы			
	№ 7 "Таңшолпан" балабақшасы	10,5	27 236	250
	"Хадиша" жеке балабақшасы	10,5	27 236	250
5	Қаратаусай ауылы			
	№ 8 "Болашақ" балабақшасы	10,5	27 236	250
6	Жайсаң ауылы			
	№ 9 "Шапағат" балабақшасы	10,5	27 236	300

	"Мансұр" жеке балабақшасы	10,5	27 236	300
7	Қаратоғай ауылы			
	№ 10 "Еркемай" балабақшасы	10,5	27 236	250
8	Хазірет ауылы			
	№ 11 "Балауса" балабақшасы	10,5	27 236	250
9	Сарыжар ауылы			
	№ 12 "Бәйтерек" балабақшасы	10,5	27 236	300
	"НұрАйБөбек" жеке балабақшасы	10,5	27 236	300
	"Кәусар" жеке балабақшасы	10,5	27 236	300
10	Достық ауылы			
	"Достық" жеке балабақшасы	10,5	27 236	250
11	Кеңсахара ауылы			
	"Саид" жеке балабақшасы	10,5	27 236	250
12	Қазан ауылы			
	"Томирис" жеке балабақшасы	10,5	27 236	250